



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 4 наурыздағы N 295

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1992 жылғы 14 қазанда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы
Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша
Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық

ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі, бұдан
былай Ұағдаласуши Тараптар деп аталады, екі ел арасындағы теңдік пен өзара
тиімділік принциптеріне негізделген сауда қатынастары мен экономикалық
ынтымақтастықтың тұрақты да үйлесімді

дамуы үшін қолайлы жағдайлар тұғызуға ұмтылып, осы Келісімді жасасуға
үйғарды және мыналар жайында ұағдаласты:

1-бап

Ұағдаласуши Тараптар екі елдің арасындағы өзара экономикалық
және сауда қатынастарын дамытуға Ұағдаласуши Тараптар елдерінде
қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жәрдемдесетін болады.

2-бап

Уағдаласуши Тараптар бір-біріне Уағдаласуши Тараптар елдерінде шығарылған тауарлардың импорты мен экспортында үшінші елдердің тауарларына қатысты қолданылатындай мейлінше қолайлар туғызатын болады.

Жоғарыда баяндалған қағида Қазақстан Республикасы немесе Польша Республикасы:

а/ көрші елдермен шекаралық саудада жүзеге асыру үшін;
б/ Қазақстан Республикасымен немесе Польша Республикасымен бірге аймақтық экономикалық ұйымдарға, кедендей одақтарға, еркін экономикалық аймақтарға, оның ішінде еркін сауда аймақтарына қатысушы немесе қатысатын елдерге байланысты берген немесе беретін артықшылықтарға, женілдіктер мен игіліктеге қолданылмайды.

3-бап

Халық шаруашылығының барлық сауда салаларындағы ынтымақтастық:

- бірлескен кәсіпорындар мен ұйымдар құру және дамыту;
- коммерциялық байланыстарды дамыту;
- мамандар алмасу;
- консалтинг бойынша қызмет көрсету;
- сауда-өнеркәсіп көрмелері мен жәрменкелерін ұйымдастыру;

- ынтымақтастықтың өзара мүдделілік туғызатын басқа да нысандарын ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылатын болады.

4 - б а п

Тауарлар беріп тұру мен қызмет көрсету, бір жағынан Қазақстан Республикасының занды ұйым мэртебесі бар шаруашылық жүргізуі субъектілері мен келесі жағынан Польша Республикасының шаруашылық жүргізуі субъектілері, бұдан bylai olar "Субъектілер" делінеді, арасында жасасылған контрактілер негізінде халықаралық саудада қолданылып жүрген принциптер мен шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

5 - б а п

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы есеп айырысулар мен төлемдер халықаралық саудада және қаржы тәжірибесінде қабылданған шарттарға сәйкес еркін айналыстағы валютамен жүргізілетін болады.

Уағдаласуши Тараптардың тиісті органдарының уағдаластығы бойынша есеп айырысулар мен төлемдер, сондай-ақ Уағдаласуши Тараптар елдерінде қолданылып жүрген зандарға сәйкес өзгедей нысанда да жүзеге асырылуы мүмкін.

6 - б а п

Уағдаласуши Тараптардың тиісті органдары екеуара принциптер негізінде Уағдаласуши Тараптар елдерінің зандарына сәйкес субъектілерге өзара сауданы дамытуға ықпал ететін өкілдіктер, бюролар, стансалар мен техникалық қызмет көрсету пункттерін құруға, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметтің өзге де мәселелерін шешуге жәрдемдесетін болады.

7 - б а п

Уағдаласуши Тараптар елдерінің құзырлы органдары Уағдаласуши Тараптар елдерінде қолданылып жүрген сыртқы экономикалық қызметті реттеу саласындағы зандар мен басқа да нормативтік актілер туралы ақпараттармен жүйелі түрде алмасып отыратын болады.

8 - б а п

Осы Келісім Уағдаласуши Тараптар елдерінің әрқайсысы мүше болып отырған басқа Халықаралық Келісімдерден, Конвенциялардан, Шарттар мен Хаттамалардан туындайтын міндеттемелерге қайшы келмейді.

Уағдаласуши Тараптар келесі Уағдаласуши Тараптың мүддесіне қатысты болатын Уағдаласуши Тараптар қол қойған жаңа халықаралық құжаттар туралы ақпарат алмасып тұрады.

9 - б а п

Берілетін тауарлар Уағдаласуши Тараптар елдерінің зандарына сәйкес экспортқа шығаруышының немесе экспортқа шығаруыш елдің құзырлы органдарының алдын-ала берген жазбаша келісімі арқылы ғана үшінші елдерге қайтара экспортқа шығарылатын болады.

1 0 - б а п

Уағдаласуши Тараптар бірлесіп Арасы Комиссия құрады. Комиссия осы Келісімнің қағидаларын жүзеге асыруды талдайтын, экономикалық ынтымақтастықты көнедейтудің қосымша мүмкіндіктерін іздестіретін, экономикалық ынтымақтастықты дамыту барысында туындауы мүмкін проблемалардың шешімін ұсынатын болады.

Комиссия қажетіне қарай, бірақ жылына бір реттен сиретпей, кезегімен Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасында жиналышп отырады.

1 1 - б а п

Осы Келісім Уағдаласуши Тараптар елдерінің заңдарына сәйкес құшіне енгізіледі, мұның өзі ноталар алмасу жолымен қуатталады.

Сонынан келіп түскен нота алынған күн Келісім құшіне кірген күн болып саналады.

Уағдаласуши Тараптардың бірінен ұсынысы бойынша олардың өзара келісімі арқылы осы Келісімнің өзгерілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Осы Келісім беймағлұм мерзімге жасалады.

Уағдаласуши Тараптардың қайсысының болсын өтініші бойынша оның

бұзылуы мүмкін және ол бұзу туралы нота алынған күннен бастап алты ай өткеннен кейін құшін жояды.

Осы Келісімнің құшін бұзған жағдайда оның қағидалары осы Келісім құшінде тұрған кезде қабылданған барлық міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылатын болады. Алматыда 1992 жылғы қазан айында 14 жүлдізында әрқайсысы қазақ, поляк және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі үш текстің да құші бірдей.

Уағдаласуши Тараптар арасында осы Келісімді пайымдау жөнінен алауыздық туған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі тексті басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Польша Республикасының
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК